

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ 338.43

Казамбаева А.М., з.ф.к., доцент

Жеткергенова А.Ф., магистрант

Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Аннотация

Қазақстан аграрлық индустрналды республика болып табылады, онда халықтың негізгі бөлігінің тіршілік әрекеті ауыл шаруашылығы саласы болып табылады. Халықтың 40% көбі бүгінгі таңда ауылдық жерлерде тұрады, мұнда жұмыс істейтіндердің ғана емес, осы салаға байланысты кейбір адамдардың тұрмыс деңгейі ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына байланысты болып келеді. Соңдықтан да еліміздің барлық азаматтарының әл-ауқаты ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты.

Батыс Қазақстан облысы көбіне ет шаруашылығына мамандандырылған. Шаруашылықтардың мамандануына агроклиматтық ресурстар тікелей әсер етеді: температураның жалпы белсенділігі, вегетациялық кезеңнің ұзақтығы, ылғалдану коэффициенті, топырақ түрлері және ауылшаруашылық жерлерінің құрылымы. Республиканың табиғи аудандары осы көрсеткіштермен ерекшеленеді, бұл аймақтық мамандандыруды дамыту бағыттарын анықтайды.

Батыс Қазақстан облысының барлық аумағы табиғи-климаттық жағдайларға байланысты үш аймаққа бөлінеді. Бірінші аймақ – дала, астық-мал шаруашылығы (облыстың солтустік бөлігі), онда топырақ бонитетінің балы 23-тен 47,1-ге дейін қара-сарғылт және сарғылт топырақтар тараған. Бірінші аймақ ең ылғалмен қамтамасыз етілген. Жауын-шашының жылдық мөлшері 270-300 мм. бұл аймақта дәнді дақылдар, майлы дақылдар, Жемшөп дақылдары, Картоп және кекөністер өндірісі шоғырланған. Мұнда мал шаруашылығы, сүтті мал шаруашылығы, ет-жүн қой шаруашылығы дамыған. Екінші аймақ – қуаң дала, мал шаруашылығы-дәнді (облыстың орталық бөлігі), оған каштан топырағы тән, егістік бонитеті 18-ден 23-ке дейін ауытқиды. Екінші аймақ неғұрлым құрғақ, бір жылда 240-260 мм, жылы кезеңде – 100-130 мм түседі. Осы аймақта мал шаруашылығы мұқтаждықтары үшін жемшөп дақылдарын өндіру дамыған, егістікті топырақ бонитеті 21 балдан төмен емес егістікке орналастырады. Мал шаруашылығы саласында мал шаруашылығы, қой шаруашылығы, табынды жылқы шаруашылығы дамыды. Үшінші аймақ – шөлейтті, мал шаруашылығы бағыты (облыстың оңтүстік бөлігі). Топырақ жамылғысы-бұл қоректік заттары нашар ашық-қызығылт және қоңыр топырақ, бонитет балы 17-ден аспайды, бір жылда 190-нан 230 мм-ге дейін жауын-шашын түседі. Бұл аймақта етті-майлы тұқымды қой шаруашылығы, табынды жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы және етті мал шаруашылығы дамыған.

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысының агрономикалық өндірісін көшениң және ауыл шаруашылық салаларының көрсеткіштері қарастырылған. Сонымен қатар, қазіргі ауылшаруашық өндірісін жүргізу, қолдау, қаржыландыру көздері мен жағдайы көрсетілген.

Түйін сөздер: жерді пайдалану, ауылшаруашылық өндірісі, жалпы өнімі, жерді тиімді пайдалану, шаруа қожасалықтары, субсидия, кооператив.

Экономикалық дағдарыстан шығу жолын қарастыруда бірден-бір маңызды мәселелердің бірі агрономикалық өндірісін көшениң мәселесі, соның ішінде осы салада тұрақтылықты қалыптастыра отырып, ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту қажеттілігі. Себебі агрономикалық өндірісін көшениңдегі кез-келген өзгеріс азық-түлік нарығына тікелей әсер етеді, ал азық-түлік нарығы бұл әлеуметтік-экономикалық ахуалдың қалыптасуына әсер етуші маңызды факторлар қатарына жатады [1].

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның АӨК инновациялық бағытқа түсіру маңызды. Бұл – біздің дәстүрлі саламыз. Азық-түлікке деген қажеттілік арта береді» [2] деп ғаламдық экономикалық дағдарыс жағдайында мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін және елдің ұлттық

Тәуелсіздігін қүшейтуді қамтамасыз етуге қабілетті Қазақстанның ауыл шаруашылығының тұрақты дамуының барынша оптимальды жолдарын іздеудің маңыздылығын атап көрсетті. Жер және аграрлық реформаларды жүзеге асыру нәтижесінде көсіпкерлік субъектілерінің жер иелену құрылымы да айтарлықтай өзгерді.

Ауылшаруашылық тауар өндірушілері пайдаланатын ауылшаруашылық жерлерінің аумағында қыскару болды, сәйкесінше олардың жалпы жер пайдаланудағы үлесі де тәменеді. Несиелендіру, сақтандыру проблемаларының шешілмегендігі, өнімге тұрақты бағалардың болмауы, құрғақшылықтың салдарын жою аймақтағы ауылшаруашылық өндірісінің дамуына әсер етеді. Мұның бәрі аймақтағы ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің қаржылық-экономикалық жағдайына өте жағымсыз әсер етеді, сонымен қатар жерді тиімді пайдалануға кедегі келтіреді.

Қазіргі кездегі ауылшаруашылық жерлеріне жеке меншіктің заннамалық тұрғыдан енгізілуіне қарамастан ауылшаруашылық өндірісін жүргізу жағдайлары облыста жерді тиімді пайдалануды дамытуға мүмкіндік бермейді. Осы себептерге байланысты көптеген ауылшаруашылық кәсіпорындары өндөлетін жер көлемін ұлғайта алмайды.

Жерді пайдаланудың қыскаруы бірқатар себептерге байланысты, мысалы, өнімсіз, соның ішінде сортаң жерлерді ауылшаруашылық мақсатындағы пайдаланудан алып тастау, нәтижесінде өнімсіз ауылшаруашылық жерлерінің бір бөлігі резервтік жерлер санатына ауыстырылды.

Қазіргі жағдайда облыста жеке (қосалқы) шаруашылықтардың белсенді дамуы байқалады. Құрылған қазіргі заманғы үй шаруашылықтары ата-бабаларынан құрамымен, көлемімен, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Республикада үй шаруашылығының кеңеюіне бастапқы кезеңде жеке участеклер аумағына, мал басына шектеулерді алып тастау, соңғыларын мемлекет менишігінен алу және жекешелендіру кезінде колхоздар мен совхоздардың меншігінің бір бөлігін оларға беру ықпал етті.

Өсімдік шаруашылығы топырақтың құнарлылығына сезімтал, көп еңбекті, ауылшаруашылық техникасының жеткілікті мөлшерін қажет етеді. Жоғарыда айтылғандардың тапшылығымен Орал даласы алқаптарындағы агроэкологиялық ахуал нашарлай бастады, өсімдіктер арамшәптермен көбірек езіле бастады, аурулар мен зиянкестерден зақымданды, сондықтан көп мөлшерде корғаныс шараларын қажет етеді[3].

Аймақтың табиғи-климаттық жағдайларына қарамастан, аймақ фермерлері ғылыми мекемелердің дамуына және өздерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, жалпы жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.

Қазақстанның Батыс Қазақстан облысы үшін ауыл шаруашылық өндірісі - бұл дәстүрлі сала, мұнда халықтың көп бөлігі қатысады, ал өндіріс көлемі өнімнің бір бөлігін экспортқа жіберумен азық-түлік балансын қамтамасыз етеді. Каланың аграрлық секторы 56 ауыл шаруашылығы құрылымдарымен ұсынылған.

2019 жылы облыста жан басына шаққандагы жалпы өнірлік өнім көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасы облыстары арасында бесінші орынды алады (1 кесте).

1-кесте- Батыс Қазақстан облысы бойынша жалпы өнірлік өнім көлімі, млн теңге

Атауы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2019 ж/2015ж қатынасы %
Батыс Қазақстан облысы	1241556,2	1382383,7	1575737,3	2000669,8	2099923,9	169,1

2019 жылы облыстың жалпы өнірлік өнімінің көлемі, ағымдағы мәліметтер бойынша 2099923,9 млн. 〒 құрады, 2018 жылдың тиісті кезеңінің нақты индексі 101,5% құрады(2 кесте).

Республиканың жалпы өнірлік өніміндегі облыстың үлесі 4,4% құрады. ЖӘӨ-нің ең үлкен үлесі (46,4%) өнеркәсіпке тиесілі.

Облыста ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі өсімдік шаруашылығы бойынша 2015 жылы 129,5 млн тенгені құраса, ал 2019 жылға қарай бұл көрсеткіштің біршама артқандығын көреміз.

2- кесте- Батыс Қазақстан облысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі, млн. теңге

№	Атауы	2015 ж	2016 ж	2017 ж	2018 ж	2019 ж	2019 ж /2015ж қатынасы, %
1	Өсімдік шаруашылығы	129,5	184,4	175,1	150,8	167,2	129
2	Мал шаруашылығы	95,3	97,0	100,6	104,5	107,3	112
3	Қызыметтер	96,9	117,8	100,8	94,9	106,5	109
4	Барлығы	321,7	583,2	376,5	350,2	381	118

Батыс Қазақстан облысы мал шаруашылығына аса мән береді. Себебі мал шаруашылығынан алынатын өнімдердің сан алуандыры мәлім.

Облыс бойынша 2019 жылы 275 асыл тұқымды мал өсіруші шаруашылықтар тіркелген. Соның ішінде асыл тұқымды ірі қара мал шаруашылығымен 222 шаруашылық айналысып, қазақтың ақ бас тұқымын герефорд тұқымын, aberдин-ангус тұқымын, қырдың қызыл сиырын өсіруде (3- кесте).

24 шаруашылық асыл тұқымды қой өсірумен шұғылданып, барлық шаруашылықта асыл тұқымды қой өсіріледі.

29 шаруашылық асыл тұқымды жылқы өсірумен шұғылданады. Бір шаруашылық қазақтың бактриан тұқымды түйесін өсірумен шұғылданады.

3- кесте- Батыс Қазақстан облысы бойынша мал шаруашылығы мен құс саны көрсеткіштері, мың бас

№	Атауы	2015 ж	2016 ж	2017 ж	2018 ж	2019 ж	2019 ж /2015ж қатынасы, %
1	Ірі қара мал саны	470,5	499,8	542,5	571,5	591,5	125,7
2	Жылқы саны	131,5	146,6	166,9	179,9	192,9	146,7
3	Түйе саны	2,8	2,7	2,5	2,4	2,2	78,5
4	Шошқа саны	25,9	25,6	21,2	21,5	17,3	66
5	Қой мен ешкі саны	1129,4	1149,1	1155,6	1147,8	1130,6	100,1
6	Құс саны	845,4	932,8	1378,7	1414,2	1442,7	170,6

Облыс бойынша жалпы ірі қара мал саны 2015 жылы 470,5 мың бас болса, 2019 жылы 591,5 мың басқа жетті. Соңғы бес жыл көлімінде ірі қара мал көрсеткіші 125,7% артқандығын қөрумізге болады. Сонымен қатар, жылқы, түйе, шошқа, қой, құс шаруашылықтарының көрсеткіштері де бірқалыпты.

Егілетін дәнді дақылдың басым бөлігін құрайтыны – бидай мен арпа, бұлар барлық дақыл түрінің 90 пайызы (4 кесте). Одан бөлек 4,4 мың га тары да бар. Облыстағы ең астықты аудан – Зеленов.

4-кесте- Батыс Қазақстан облысы бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау, мың тонна

№	Атауы	2015 ж	2016 ж	2017 ж	2018 ж	2019 ж	2019 ж /2015ж қатынасы, %
1	Бидай	85,6	242,2	295,6	139,1	195,4	228,2
2	Картоп	69,1	72,9	58,6	64,3	64,5	93,3
3	Көкөніс	61,3	63,7	52,5	57,9	58,5	95,4
4	Майлы дақылдар	11,7	46,2	51,9	43,3	82,8	707,7

Жалпы облыс бойынша 2015 жылы 85,6 мың тонна бидай жиналса, ал 2017 жылы 295,6 мың тоннага дейін күрт өсті. 2019 жылы бұл көрсеткіш 195,4 мың тоннага дейін төмөндеген.

Жалпы картоп және көкөніс-бақша дақылдары өндірісін ұлғайту есебінен облыс тұрғындарының қажеттілігі облыста өндірілген өнімдермен қамтамасыз етіледі. Тек ерте пісегін көкөністер мен пиязға (қамтылу 43%) деген қажеттілік сырттан әкелінетін өнімдермен жабылады. Жекелеп айтсақ, облыс халқының картопқа деген қажеттілігі 43 мың тоннаны құрайды. Алдын ала мәліметтерге сәйкес, 2019 жылы 64,5 мың тонна картоп өнімі жиналды. Бұл 2015 жылғы көрсеткішке қарағанда 5 есе жоғары. Көкөніс өнімдерінің қажеттілігі 46,2 мың тонна, алғынған көкөніс өнімі 58,5 мың тоннага жетті.

Статистикалық ақпарат бойынша қайта өңдеу өнімдері өндірісі 2019 жылмен 2020 жылдың сәйкесті кезеңі деңгейін 104,7% құрады (5 кесте).

5- кесте-Батыс Қазақстан облысы бойынша мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіру

Атауы	2015 ж	2016 ж	2017 ж	2018 ж	2019 ж	2019 ж /2015ж қатынасы, %
Жұмыртқаның барлық түрі, млн дана	149,9	153,7	162,2	172,4	181,6	121,1
Сүттің барлық түрі, мың тонна	226,4	227,6	231,9	234,9	236,8	104,6
Мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені (тірідей салмақта) мың тонна	77,5	80,6	85,6	92,6	96,9	124,6
Мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені (сойыс салмақта) мың тонна	39,2	40,6	43,3	47,9	50,5	128,8
Жұннің барлық түрі, тонна	1983,1	2002,9	2044,1	2117,7	2080,9	12882,6

Облыста мал шаруашылығының ет және сүт өнімдерін қайта өңдеу мен оларды өткізу бойынша қызындықтар жоқ. Кәсіпорындарда бұл өнімдерді қайта өңдеу көлемі жыл сайын артып, жаңа өндіріс орындары да ашылуда.

Облыс бойынша жыл сайын 1600 тоннадан астам жұн (барлық түрі), 180 мың ірі қара малының және 400 мың ұсақ малдардың терісі өндіріледі. Жұнді өткізуге келер болсақ, бұл мақсатта республикалық бюджет есебінен биязы жұннің 1 келісі 105 теңгеден субсидияланады. Аталған жұнді өндірумен Қазталов ауданында орналасқан «Жаңа тұрмыс» ӨК айналысып, жыл сайын 12,0 тонна биязы жұнді қайта өңдеу кәсіпорындарына тапсырып келеді. Ал қылышқа жұнді қайта өңдеу «Аяз» және «Надежда» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің еншісінде. Ал теріні қайта өңдейтін тек бір ғана «Аист» ЖШС, оның қуаттылығы төмен болғандықтан жылына бар болғаны 10 мың дана теріні қайта өңдейді.

2019 жылы Теректі ауданында «Сырым KZ» шаруа қожалығы 3000 басқа арналған мал бордақылау алаңының құрылымы жүргізуде, жоба құны 1 млрд. теңгені құрайды.

Казталов ауданында «Мясная индустрия» ЖШС 5000 басқа арналған мал бордақылау алаңының құрылымы жүргізуде, жоба құны 1 млрд. теңге құрайды.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы: Облыс бойынша 201 ауыл шаруашылығы кооперативтері (бұдан ері -АШК) (соның ішінде 153 АШК селекциялық асылдандыру, 30 АШК бордақылау, 6 АШК сүтті бағытта және 12 көкөніс және дәнді дақылдар өсіру бағытында) тіркелген (6 кесте).

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының Батыс Қазақстан облысы бойынша жузеге асырылуы туралы:

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының екінші бағыты бойынша 2019 жылы республикалық бюджеттен 4014,5 млн. теңге қарастырылған.

6 кесте- Батыс Қазақстан облысы бойынша АӨК мамандандырылған ұйымдарының несиelerін тарту, млн. теңге

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін және ауыл тұрғындарына	Тартылды
«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы несиелу	889,4
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы несие беру	4915,2
Техника лизингі	5055,7
«ҚазАгроКаржы» АҚ	5055,7
Барлығы	10860,3

Бөлінген қаржы көлемі Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 12 сәуірдегі №85 қаулысымен бекітіліп, 25 сәуір күні «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-на 3010,9 млн. теңге және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на 1003,6 млн. теңге көлемінде бөлініп берілді.

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдық қорытындысы бойынша 1041,5 млн. теңгеге 268 микрокредит берілді, соның ішінде «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 787,7 млн. теңгеге 214 микрокредит берілсе, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 253,8 млн. теңгеге 54 микрокредит беріліп отыр [4,5].

Қазақстан Республикасы жуық арадағы алға қойып отырған міндеті бәсекелеселу елдің қатарына кіру болып отырғаны баршаға белгілі. Бұл экономиканың барлық саласында іргелі реформалар жасалып, дамыған технологиялар мен басқару әдістерінің үздік тәсілдерін қолданған кезде қолжететін мәселе. Осы орайда ауыл шаруашылығының алып отырған орны бөлек.

Ауыл шаруашылығын реформалау оның өнімдерін жоғарғы деңгейдегі экспорттық көлемге жеткізу, атап айтса, астық өнімдерінің, мал өнімдерінің сапасын барынша жоғарылату күн тәртібінде тұрған мәселе.

Батыс Қазақстанның қазіргі жағдайы табиғи ресурстарды мейлінше тиімді және ұқыпты пайдалану принциптеріне негізделген ресурстарды ұнемдейтін технологиялар мен дәлме-дәл егіншілік технологияларын қолдана отырып дамуы керек.

Облыс тұрғындарын тамақ өніміне деген қажеттігін жақсарту мақсатында төмендегі мәселелерді шешу қажет:

- Ауыл шаруашылық өнімі өндірісін арттыруға жағдай жасау;
- Ауыл шаруашылық өндірісін тиімділігі мен отандық тамақ өнімдерін бәсекеге қабілеттігін арттыру негізінде азық-түлік ресурстарын қалыптастыру.
- Ауыл шаруашылығы өнімдерін сату мен еткізуде маркетингтік қызметтің негізгі бағыттарын жетілдіру.
- АгроОнеркәсіп өндірісін техникалық жағынан жаңарту, отандық өнім өндірушілерге қолдау көрсету, ауылшаруашылығы саласындағы кадр дайындау мен мамандардың біліктілігін арттыруға көніл бөлу.

Бүгінде астық өндіріп экспорттаудан Қазақстан әлемдегі алдыңғы бестікке еніп отыр. Сонымен қатар сапалы ет өнімдерін өндіріп экспорттауда Қазақстанның алатын орыны зор. Осы орайда асыл тұқымды мал өндірудің ролі ерекше, бұл ретте Батыс Қазақстан облысының қосып отырған үлесі қомақты. Сондықтанда агроОнеркәсіптік кешенін мемлекеттік тұрғыдан реттеуді одан әрі жетілдіру қажет.

КОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ахмеденов К.М. Современное состояние земельных ресурсов Западно-Казахстанской области (в пределах Волго-Уральск междуречья) // Вестник Казахского национального технического университета имени К.И Сатпаева / .-2010.- №2(78).-С.3-8
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдау. – 2017, қантар 17 // [Электронды ресурс]: <http://adilet.zan.kz>. 05.10.2020.
3. Корякина О.В., Кучеров В.С. Анализ современного состояния и эффективности развития сельского хозяйства в условиях рынка (на примере Западно-Казахстанской области) [Текст] / Аналитическая справка, Уральск, 2010.-43 с.
4. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы [Электронный ресурс]: . – 16.11.2020. URL: <https://www.gov.kz/>

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті [Электронный ресурс]: . – 16.11.2020. URL: // <https://stat.gov.kz/>

РЕЗЮМЕ

Ресурсный потенциал аграрного сектора имеет первостепенное значение при формировании специализации региона, области, район. Производство продукции предполагает определенное комбинирование и сочетание элементов ресурсного потенциала. От того, насколько структура ресурсного потенциала соответствует ее функциональному предназначению с учетом пространственных и временных характеристик, зависят уровень и эффективность специализации сельскохозяйственной товаропроизводителей. Сельское хозяйство западных регионов специализируется на мясном животноводстве, производстве картофеля, овощей и т.д. Во всех областях имеются животноводческие фермы. На специализацию хозяйств непосредственно влияют агроклиматические ресурсы: суммарная активность температур, продолжительность вегетационного периода, коэффициент увлажнения, типы почв и структура сельскохозяйственных угодий. Природные районы республики отличаются этими показателями, что определяет направления развития зональной специализации. Важный фактор - исторические особенности ведения хозяйства (традиционные навыки, например, выращивания картофеля). Потребительский фактор специализации определяет приближение к местам потребления скропортящейся и малотранспортабельной продукции. Производство трудоёмкой продукции стремится к районам и хозяйствам, которые лучше обеспечены трудовыми ресурсами. В статье рассматриваются показатели агропромышленного комплекса и сельского хозяйства Западно-Казахстанской области, а также проанализировано современное состояние сельскохозяйственного производства, поддержки, финансирования.

RESUME

The resource potential of the agricultural sector is of paramount importance in the formation of specialization of the region, region, district. Production involves a certain combination and combination of elements of resource potential. The level and efficiency of specialization of agricultural producers depend on the extent to which the structure of the resource potential corresponds to its functional purpose, taking into account spatial and temporal characteristics. Agriculture of the western regions specializes in meat farming, production of potatoes, vegetables, etc. There are livestock farms in all areas. The specialization of farms is directly influenced by agro-climatic resources: the total activity of temperatures, the duration of the growing season, the coefficient of moisture, soil types and the structure of agricultural land. Natural areas of the republic differ in these indicators, which determines the direction of development of zonal specialization. An important factor is the historical features of farming (traditional skills, for example, growing potatoes). The consumer factor of specialization determines the approach to the places of consumption of perishable and low-transportable products. The production of labor-intensive products tends to areas and farms that are better provided with labor resources. This article considers the indicators of the agro-industrial complex and agriculture of the West Kazakhstan region. In addition, the sources and status of modern agricultural production, support, financing are indicated.

УДК 005:336.71

Хусаинов Б.М., кандидат сельскохозяйственных наук, доцент

Нурлан А.Е., магистрант

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г. Уральск

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ СИСТЕМЫ МЕНЕДЖМЕНТА НА ПРЕДПРИЯТИИ ДБ АО «БАНК ХОУМ КРЕДИТ»

Аннотация

Банк – это финансовый институт, производящий разнообразные виды операций с деньгами и ценностями бумагами. Банковская система – комплекс всех видов национальных банков и кредитных учреждений, действующих в рамках общего денежно-кредитного механизма. Банковская система является основным звеном кредитной системы и важнейшей составной частью рыночной экономики. Она концентрирует основную массу кредитных и финансовых операций. Любая система должна содержать все необходимые элементы в необходимых пропорциях, в ней они должны взаимодействовать и дополнять друг друга. Как правило, одна система входит в другую, в более